

**Самал Туkenовна Абдрахманованың «8D01702- Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі цифрландыру саласындағы жаһандық өзгерістерге байланысты, ол қоғамдық өмірдің барлық маңызды салаларына әсер етеді. Цифрлық дәуірдің талаптарына сай, қоғамның қазіргі қажеттіліктеріне жауап бере алатын білімді адамдарды даярлау үшін білім берудің дәстүрлі үлгісін оқу үдерісінде студенттердің танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға негізделген заманауи тәсілдермен ауыстыру қажет.

Бұл мәселенің маңыздылығын бірқатар факторлар дәлелдейді: *Біріншіден*, сандық технологиялар ел экономикасының дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ақпараттық технологияларсыз халықтың өмір сүру сапасын арттыру мүмкін емес. Осыған орай, Қазақстан электрондық үкімет индексі бойынша цифрлық бәсекеге қабілетті әлемдегі ең озық 15 елдің қатарына кіру мақсатын қойды. ТМД елдері арасында көшбасшы болғанымызға қарамастан, біз әлемдік деңгейде әлі де артта қалып отырмыз.

Екіншіден, бұл мәселе мемлекеттік деңгейдің басымдығына айналды. Мысалы, «*Сапалы білім — 2023-2029 жылдарға арналған табысты ұлттың кепілі*» ұлттық жобасы білім беру жүйесіндегі цифрландырудың келесі компоненттерін белгілейді: EdTech саласын дамыту, білім беруді басқаруда жасанды интеллект пен Big Data қолдану, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру.

Сондай-ақ, «*Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы*» адами капиталды дамытуды, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту мен цифрландыруды, сондай-ақ білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтауды негізгі бағыттар ретінде көрсетеді.

Үшіншіден, «Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформациялау тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы барлық жоғарыда аталған үрдістер үшін заңды негіз болып табылады.

Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ел қалыптастыру үшін қажетті болған осы өзгерістердің барлығы жоғары білім беру парадигмасының барлық компоненттерін тереңдан трансформациялау қажеттігін айғақтайды.

Төртіншіден, жоғары білім беруді цифрландыру және сандық технологияларды дамытуға бағытталған «Жаппай ақпараттандыру құралдары» туралы заңы назарға алынды. Сонымен қатар, аталмыш диссертациялық жұмыс ҚР қаржыландырылатын «Жас Ғалым» жобасының шеңберінде қорғалуына байланысты сандық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін назарға ала отырып, Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы педагог кадрларын ЖИ енгізуге даярлау бойынша құжаттар заңнамалық құжаттар, сонымен қатар, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың соңғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» Қазақстан халқына Жолдауы назарға алынды.

Жоғарыда аталған құжаттар дербес оқу қызметін жүргізуге және тиісті білім деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді игеру үшін жоғары білім беруді ұйымдастырудың маңыздылығын айқындайды. Оның негізінде цифрлық құзыреттілікті дамыту күн тәртібіндегі өзекті мәселе сандық технологиялар негізінде жан-жақты үйлесімді болашақ маманды дамыту қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезеңде қоғам мен білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында тиімді жұмыс істей алатын болашақ маманды даярлау қажеттілігіне байланысты цифрлық құзыреттілікті дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады. Осылайша, осы **диссертациялық зерттеудің өзектілігі** бағдарламалық және нормативтік құжаттардың, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлауда сандық технологияларды тиімді пайдалануды әдістемелік қамтамасыз етумен байланысты қайшылықтарды шешу қажеттілігімен байланысты.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер жоғары теориялық және практикалық маңыздылыққа ие. Алайда, осыған қарамастан, қазіргі жоғары білім беру жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану мәселесі әлі де жақсы түсінілмеген.

Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиет көздерін жан жақты саралау нәтижесінде біз келесі **қайшылықтарды анықтадық:**

1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлауда сандық технологияларды қолданудың өсіп келе жатқан қажеттілігі мен олардың

білім беру үрдісіне интеграциялануының теориялық және әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіз дамуы арасында.

2. Ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін жетілдіруге сұраныстың артуы және шет тілді білімге ашық қол жеткізуді қамтамасыз ететін сапалы цифрлық ресурстардың тапшылығы;

3. Инновациялық әдістемелік тәсілдерді әзірлеуді көздейтін жоғары білім беруді жаңғырту талаптары мен болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырудың тұтас моделінің болмауы арасында;

Жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды шешу ұсынылған **зерттеу мәселесін** анықтады және диссертациялық зерттеу деп таңдауға негіз болды: «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар».

Зерттеудің мақсаты: жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған сандық технологияларды пайдаланудың педагогикалық жүйесін әзірлеу және негіздеу және эксперименталды түрде сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары білім беру жүйесінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігі

Зерттеу гипотезасы: егер болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау процесінде сандық технологияларды қолданудың әзірленген педагогикалық моделіне негізделген цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтап, іске асыратын болса, онда олардың цифрлық құзыреттілік деңгейі айтарлықтай артады.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында сандық технологияларды пайдаланудың теориялық негіздерін талдау және зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау.

2. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау процесінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және жалпылау.

3. Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу.

4. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды анықтау.

5. Өзірленген педагогикалық модельдің тиімділігіне және цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың анықталған шарттарына эксперименттік тексеру жүргізу.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін:

- білім беру мекемелерінің педагогикалық процесінде қолданылған сандық технологиялар бойынша зерттеулер (С. В. Титова, Мануэль Кастельс, Николас Негропonte, И.В. Роберт, С. Полат, В.М. Монов, Лев Манович, С. Пейпер, В. А. Поздняков, М. Воршер, А. И. Тәжіғұлова, Г. К. Нұрғалиева, Б. Ж. Ашимова, М. Б. Юсубалиева, Д. М. Куракбаева, А. Д. Шилдебекова, А. Р. Нұрғабдешов, А. Д. Омар және т. б.).

- Қазақстанда шет тілді білім беруді цифрландыру, сандық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау: А. Т. Чакликова, Г. К. Нұрғалиева, Д. М. Юсубалиева, А. И. Тәжіғұлова Е. В. Артықбаева, А. К. Мыңбаева, Р. Р. Тахмазов және т. б.;

- отандық және шетелдік зерттеушілердің педагогтердің цифрлық құзыреттілігіне және білім беру процесінде сандық технологияларды қолдануға арналған еңбектері (Дж. Дьюи, Ж. Пиаже, Мануэль Кастельс, Николас Негропonte, М. Лев, Б. Ж. Ахметова, М. Б. Ашимова, А. Куракбаева, А.Д. Шилдебекова, Г.К. Нурғалиева, И.В. Роберт, Е.С. Полат және т. б.);

- құзыреттілік тәсіл теориялары (В. В. Сериков, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, J. Redecker және т. б.)

- цифрлық білім беру ортасы бойынша зерттеулер (А. А. Андреев, Е. С. бұл Полат, В. Бондаревская, О. В. Спирина, В. В. Груздев, М. Фуллан, Ч. Redecker, L. Laurillard, A. Bates және т. б.) құрайды.

Зерттеу көздері. Ғылыми еңбектегі зерттеу көзіне зерттеу мәселесі бойынша халықаралық ұйымдар мен ғалымдардың ғылыми еңбектері, педагогтардың тәжірибелері; ҚР нормативті-заңнамалық құжаттар (Білім туралы заң, жоғары міндетті кәсіптік білім беру бағдарламалары, Білім беру саласын ақпараттандыру тұжырымдамасы мен бағдарламасы, Цифрлық Қазақстан бағдарламасы); Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары (типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары және т.б.); педагогтардың озық тәжірибелері мен диссертанттың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі құрайды.

Жетекші идея. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамыту Қазақстан білім беру контекстіне бейімделген сандық технологияларды мақсатты енгізуді тиімді қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей:

1. «Сандық технологиялар» және «болашақ ағылшын тілі мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі» негізгі ұғымдарының мазмұны ашылып, авторлық анықтамалар берілді;
2. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі және оны дамыту модельдері (оның ішінде DigCompEdu шеңбері) жүйеленді және жинақталды, бұл оларды қазақстандық білім беру контекстіне бейімдеуге мүмкіндік берді;
3. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған сандық технологияларды қолданудың педагогикалық жүйесі теориялық тұрғыдан негізделген;
4. Жоғары білім берудегі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі ұсынылды;
5. Білім беру процесіне сандық технологияларды интеграциялау негізінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар айқындалды.

Осылайша, жұмыстың жаңалығы білім беруді цифрландырудың жалпы тақырыбында емес, халықаралық тәсілдерді ғылыми негізделген бейімдеуде және оларды ағылшын тілі мұғалімдерін даярлаудың қазақстандық шындықтарында верификациялауда жатыр.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы диссертация цифрлық білім беру ортасында ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби дайындық теориясының дамуына ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Digital Technologies for English Teachers in Higher Education» атты электронды оқу құралы;
- Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университетінің mooc.buketov.edu.kz платформасында орналасқан «Digitalization of foreign language education» жаппай ашық онлайн-курсы (ЖАОК);
- Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университетінің Smart Assistant платформасында орналасқан «Digital technologies and tools for future English teachers» атты Smart Assistant платформасындағы жаппай ашық онлайн курсы (ЖАОК);

Зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық білім беру жүйесі үшін қолданбалы мәнге ие. Әзірленген материалдар мен өнімдерді жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде, ағылшын тілі оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында және цифрлық педагогикаға байланысты оқу пәндерін әзірлеуде пайдалануға болады.

Нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі диссертациялық зерттеудің әдіснамалық, теориялық бағытымен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа

сәйкестігімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жоспарлаумен, деректерді өңдеуде математикалық әдістерді қолданумен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері, оның ішінде отандық және шетелдік тәсілдерді талдау, сондай-ақ «сандық технологиялар» және «болашақ ағылшын тілі мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі» ұғымдарының авторлық анықтамалары.

2. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлауда тиімді тәжірибелерді қолдану бағыттарын анықтаған педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың жүйеленген және бейімделген шетелдік тәжірибесі.

3. DigCompEdu еуропалық моделін қазақстандық контекстке бейімдеуге негізделген және оның құрылымын, деңгейлері мен компоненттерін көрсететін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі.

4. Университеттің білім беру процесінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар.

5. Әзірленген педагогикалық модельдің тиімділігін және болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын эксперименттік тексеру нәтижелері, мотивациялық, мазмұнды және ұйымдастырушылық компоненттер бойынша көрсеткіштердің оң динамикасын растады.

Зерттеу әдістері.

- Теориялық әдістер:

1. білім беруді цифрландыру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау және жүйелеу;

2. жоғары білім беруді цифрлық трансформациялау процесін реттейтін нормативтік және бағдарламалық құжаттарды талдау (Мемлекеттік бағдарламалар, білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары және т. б.);

3. отандық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау;

4. алынған нәтижелерді жалпылау, модельдеу, индукциялау және шегеру, абстракциялау, болжау және теориялық негіздеу.

- Эмпирикалық әдістер:

1. оқу процесін бақылау, оқытушылар мен студенттерге сауалнама жүргізу және сұхбат беру;

2. педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері);

3. болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау процесінде қолданылатын оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын, цифрлық оқу платформаларын және өнімдерді талдау.

- *Диагностикалық және бағалау әдістері:*

1. болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтау; зерттеу мазмұны мен құралдарын сараптамалық бағалау;

2. валидацияланған диагностикалық әдістемелерді және цифрлық құзыреттілік көрсеткіштерін, математикалық-статистикалық әдістерді пайдалану.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу.

- *халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу:*

Саржанова Ғ.Б., Абдрахманова С.Т. Онлайн ресурстары мен сандық технологияларының ESL оқыту кезіндегі беретін мүмкіндіктері. Перспективы и новые тенденции развития иноязычного образования (29–30 ноября 2023 г.): Ғылыми электрондық басылым. — Қарағанды: Академик Е.А. Бөкетов Қарағанды университетінің баспасы, 2023, Б. 78–85.

Abdrakhmanova S.T., Sarzhanova G.B. Effective use of digital technologies in the pedagogical activity of an English Teacher. Молодой исследователь: вызовы и перспективы ССХЛ Международная научно-практическая конференция №45(240), Москва, 2021. –Б. 232–235.

Abdrakhmanova S.T., Sarzhanova G.B., Shokatayeva R. New Practices and Challenges in Integrating AI-Based Digital Technologies for English Language Teachers. Proceedings of the 11th International Scientific Conference «Theoretical Hypotheses and Empirical Results». Oslo, Norway, 2025 65-71 pp.

Abdrakhmanova S.T. English Teachers' Preferences for Using Digital Technologies and AI-Based Search Engines in Kazakhstan. Proceedings of the 11th International Scientific Conference «Modern scientific technology». Stockholm, Sweden, 2025. - 126-132.

- *ҚР ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми журналдарда жариялау:*

Abdrakhmanova S.T., Sarzhanova G.B. Digital Technologies in the Training of Future English Teachers in conditions of distance learning. Вестник Карагандинского университета. – 2022. №3 (107). –С. 1-8.

Sarzhanova G.B., Abdrakhmanova S.T. The use of digital technologies in the process of training future foreign language teachers. Вестник Карагандинского университета. – 2023. №2 (110). –Б. 183-190.

Abdrakhmanova S.T. Readiness of Teachers to Use Intelligent Search Systems in the Digital Educational Environment. Вестник Карагандинского университета. – 2025. №3 (110). – Б. 1-9.

- Scopus және Web of Science базаларында индекстелген журналдарда жариялау:

Sarzhanova G.B., Abdrakhmanova S.T.*, Akbayeva G.N., Tleuzhanova G.K. Digital Learning Environment in Training Future Kazakhstani English Teachers. Forum for Linguistic Studies. – 2024. – V. 6(5), 280–286 pp.

Abdrakhmanova S.T., Sarzhanova G.B. Digital Technology Trends Among English Teachers in the Condition of Modernization of the Higher Education (2022). SIST 2022 -2022 International Conference on Smart Information Systems and Technologies, Proceedings, 2022.

Диссертация құрылымы: Диссертация құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі мен ғылыми аппараты көрсетілген.

«Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында шетел тілдерін оқытуда сандық технологиялардың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу тақырыбымыз аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарында шетелдік және отандық ғылыми еңбектер сарапталып, сандық технологиялардың дамуы хронологиясы анықталды. Сандық технологияларды қолдануының әлемдік озық тәжірибелері қарастырып, ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға әртүрлі модель қарастырып, оның ішінде еуропалық шеңберді қазақстандық контекстіге бейімдеу мақсатында модель құрылып, сандық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттары анықталды. Сонымен қатар, сандық технология, цифрлық құзыреттілік ұғымдарына авторлық анықтамалар берілді.

«Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруды тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы» атты екінші тарауда ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту моделінің негінде авторлық электрондық оқу құралы мен жаппай ашық онлайн курсының қолдануының тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері талданып, алынған нәтижелеріне сәйкес тұжырымдар жасалды.

Қорытындыда диссертациялық теориялық зерттеу және эксперимент кезеңдерінде жүргізілген жұмыстарының қорытындылары жасалды.

Қосымшада диссертациялық жұмыс нәтижелерін енгізу туралы акт, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің KEAҚ платформасына «Digitalization of foreign language education» жаппай ашық онлайн курсын енгізу туралы авторлық шарт; платформада "Digital technologies and tools for future English teachers» жаппай ашық онлайн курсы ұсынылған smart assistant; «Digital technologies for English Teachers in Higher

Education» оқу құралына және «Utilizing Intellectual Search Engines and AI-based smart technologies in Teaching Foreign Language» атты электрондық оқулыққа құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәліктер.